

**Бұланды аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 8С-14/8 "2024-2026 жылдарға арналған Ерголка ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2024 жылғы 15 тамыздағы № 8С-21/6 шешімі

Бұланды аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бұланды аудандық мәслихатының "2024-2026 жылдарға арналған Ерголка ауылдық округінің бюджеті туралы" 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 8С-14/8 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2024-2026 жылдарға арналған Ерголка ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 30947,0 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 4575,0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 26372,0 мың теңге;

2) шығындар – 33047,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -2100,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2100,0 мың теңге

жоғарыда көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Н.Сексенов

Бұланды аудандық  
мәслихатының  
2024 жылғы 15 тамыздағы  
№ 8С-21/6 шешіміне  
қосымша  
Бұланды аудандық  
мәслихатының  
2023 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 8С-14/8 шешіміне  
1 қосымша

**2024 жылға арналған Ерголка ауылдық округінің бюджеті**

| Санаты |        |             |                                                                        | Сома<br>мың теңге |
|--------|--------|-------------|------------------------------------------------------------------------|-------------------|
|        | Сыныбы |             |                                                                        |                   |
|        |        | Кіші сыныбы |                                                                        |                   |
|        |        |             | Атауы                                                                  |                   |
| 1      | 2      | 3           | 4                                                                      | 5                 |
|        |        |             | I. Кірістер                                                            | 30947,0           |
| 1      |        |             | Салықтық түсімдер                                                      | 4575,0            |
|        | 01     |             | Табыс салығы                                                           | 376,0             |
|        |        | 2           | Жеке табыс салығы                                                      | 376,0             |
|        | 04     |             | Меншікке салынатын салықтар                                            | 4199,0            |
|        |        | 1           | Мүлікке салынатын салықтар                                             | 189,0             |
|        |        | 3           | Жер салығы                                                             | 50,0              |
|        |        | 4           | Көлік құралдарына салынатын салық                                      | 3616,0            |
|        |        | 5           | Бірыңғай жер салығы                                                    | 344,0             |
| 4      |        |             | Трансферттер түсімі                                                    | 26372,0           |
|        | 02     |             | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 26372,0           |
|        |        | 3           | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер      | 26372,0           |

| Функционалдық топ |                                     |            |                                                                        | Сома    |
|-------------------|-------------------------------------|------------|------------------------------------------------------------------------|---------|
|                   | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |            |                                                                        |         |
|                   |                                     | Бағдарлама |                                                                        |         |
|                   |                                     |            | Атауы                                                                  |         |
| 1                 | 2                                   | 3          | 4                                                                      | 5       |
|                   |                                     |            | II. Шығындар                                                           | 33047,0 |
| 01                |                                     |            | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер                                  | 23657,0 |
|                   | 124                                 |            | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты | 23657,0 |
|                   |                                     |            |                                                                        |         |

|    |     |     |                                                                                                                            |           |
|----|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|    |     | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                  | 23657,0   |
| 07 |     |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық                                                                                           | 6925,0    |
|    | 124 |     | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты                                                     | 6925,0    |
|    |     | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру                                                                                   | 870,0     |
|    |     | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру                                                                               | 4723,0    |
|    |     | 014 | Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру                                                                              | 1332,0    |
| 12 |     |     | Көлік және коммуникация                                                                                                    | 2465,0    |
|    | 124 |     | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты                                                     | 2465,0    |
|    |     | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 2465,0    |
|    |     |     | III. Таза бюджеттік кредиттеу                                                                                              | 0,0       |
|    |     |     | IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо                                                                          | 0,0       |
|    |     |     | V. Бюджет тапшылығы (профициті)                                                                                            | ( -2100,0 |
|    |     |     | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру                                                                                         | ( 2100,0  |

|  |  |                          |  |
|--|--|--------------------------|--|
|  |  | профицитін<br>пайдалану) |  |
|--|--|--------------------------|--|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК